

26 04 21
107-06-11/358

**Білім ұйымдарының
басшыларына**

Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес, 9 (10) және 11 (12) сыныптарда өтілетін 2021 жылғы қорытынды аттестаттау мәселесі бойынша төмендегілерді қосымша хабарлайды.

Қорытынды аттестаттау 9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) (2021 жылғы 28 мамыр);

2) математика, (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (2021 жылғы 2 маусым);

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (2021 жылғы 5 маусым) бойынша өтеді.

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан (2021 жылғы 1 маусым);

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан (2021 жылғы 4 маусым);

3) Қазақстан тарихы бойынша тестілеу (2021 жылғы 7 маусым);

4) орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінен тестілеу және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілінен тестілеу (2021 жылғы 10 маусым) бойынша өтеді.

Қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып 2021 жылғы 11 - 19 маусым аралығында өткізіледі.


Білім алушылардың дайындалуы үшін емтихан материалдарының **сынама нұсқалары** Ұлттық тестілеу орталығының сайтына орналастырылған.

ЖК № 468
26.04.21

9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын Білім басқармасы, ал 11 (12) сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын Ұлттық тестілеу орталығы дайындайды және 2021 жылғы 15 мамырға дейін электронды түрде жеткізіледі.

Осы айтылғандар негізінде қорытынды аттестаттауды ұйымшылдықпен өткізу қажеттігін хабарлаймыз.

Басшы



Ш. Сейсенбай

Орын.: М.Акмолдаева
Тел.: 55 68 81

